

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қалалық, аудандық (қалалардағы аудандық) төтенше жағдайлар басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 60 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 35 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қалалық, аудандық (қалалардағы аудандық) төтенше жағдайлар басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 60 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағының 158) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы бұйрыққа 158-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаменті Меңдіқара ауданының төтенше жағдайлар бөлімі туралы ереже;"

көрсетілген бұйрыққа 45-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 020500, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 35 А.";

көрсетілген бұйрыққа 46-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 020600, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылдық округі, Егіндікөл ауылы, Школьная көшесі, ғимарат 13.";

көрсетілген бұйрыққа 50-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 021000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Абай көшесі, 28.";

көрсетілген бұйрыққа 52-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 021200, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Лол шағын ауданы, 3.";

көрсетілген бұйрыққа 89-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 060103, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Тоқсанбай Құлтумиев көшесі, үй №2.";

көрсетілген бұйрыққа 92-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 060500, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылдық округі, Миялы ауылы, Әліби Жангелдин көшесі, ғимарат 1.";

көрсетілген бұйрыққа 93-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 060400, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылдық округі, Құрманғазы ауылы, Майра Қабдолқызы көшесі, үй 155.";

көрсетілген бұйрыққа 94-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 060600, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Мұнайшы газеті көшесі, құрылыс № 400.";

көрсетілген бұйрыққа 105-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлімнің заңды мекенжайы: 071100, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласы, Тәуелсіздік көшесі, ғимарат 1/6.";

көрсетілген бұйрыққа 158-қосымшада:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаменті Меңдіқара ауданының төтенше жағдайлар бөлімі";

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаменті Меңдіқара ауданының төтенше жағдайлар бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаментіне (бұдан әрі – Департамент) тікелей бағынатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлігі) аумақтық бөлімшесі болып табылады.";

9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Бөлімнің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаменті Меңдіқара ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі".

2. Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарының төтенше жағдайлар департаменттерінің бастықтары:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында көрсетілген Ережелерді қайта тіркеу бойынша шаралар қабылдасын;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Кадр саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне

орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор*

Ю. Ильин